

## ҚР Ұлттық архивтер қорының құжаттарын сақтау және мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз етуде кейінгі жылдары мемлекеттік архивте құжат айналымы

Қорғалжын аудандық мемлекеттік архивінің қоймасында 2021 жылдың 01 қазанына 26518 (жиырма алты мың бес жүз он сегіз) сақтау бірлігі сақталуда, оның ішінде тұрақты сақтаудағы басшылық құрам бойынша 17184 (он жеті мың бір жүз сексен төрт) сақтау бірлігі, жеке құрам бойынша 9112 (тоғыз мың бір жүз он екі) сақтау бірлігі жұмыс алу, жұмыстан шығару, кезекті еңбек демалысы, ішкі ауыстыру жайлы жеке құрам бұйрықтары және ай сайынға жалақы есептеу ведомостері, 75 жыл сақталатын міндетті зейнетақы жарналарын аудару, әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударылымдар.

Жеке тектік құжаттар 114 (бір жүз он төрт) сақтау бірлігі, аудан тарихын көрсететін фотоқұжаттар коллекциясы бойынша 108 (бір жүз сегіз) сақтау бірлігі бар.

Архивке келіп түскен құжаттардың саны мен құрамы және архивтен кеткен құжаттарды есепке алу үшін арнайы формада кітабы жүргізіледі.

Мемлекеттік архивте сақтаулы әр қордың жеке құрам құжаттары бойынша, басқармалық құжаттары бойынша тізілімдері жасалған. 2021 жылдың 01 қазанына барлығы сақтауда 170 (бір жүз жетпіс) қор бар.

2021 жылы 9 айда табиғи жағдайларын жақсартуда қағаз негізінде 143 сақтау бірлігінің 143 парағы қалпына келтіріліп, 4 қор 9 парақта өше бастаған мәтіндер орнына келтірілді.

Мекемелерде архивтік құжаттарды өңдеу кезінде өңделмеген құжаттар анықталып, қосымша ғылыми техникалық өңдеу жүргізілді. Жыл басынан барлығы 4000 сақтау бірлігі бойынша құжаттар түгенделіп, табиғи жағдайлары тексерілді.

2021 жылдың жылы аудан әкімімен арнайы бекітілген кесте бойынша аудан көлемінде құжаттарды мемлекеттік сақтауға өткізу мерзімдері өтіп кеткен мекемелер мен кәсіпорындарға, ауылдық округтерге шығып, «Архив кеңес береді!» акциясы бағытында Ұлттық мұрағат қорының құжаттарының сақталуы, есепке алынуы жайлы және ведомстволық сақтау мерзімдері өтіп кеткен құжаттарды мемлекеттік сақтауға тапсыру бойынша ғылыми-техникалық өңдеу жұмыстарын жүргізуде әдістемелік көмек көрсетіліп, 3 рет семинар-сабақ өткізілді, нәтижесінде 457 сақтау бірлігі ғылыми-техникалық өңдеуден өткізіліп, Ақмола облысының архивтер мен құжаттамалар басқармасының сараптамалық тексеру әдістемелік комиссиясының шешімімен бекітіліп, мемлекеттік сақтауға қабылданды. Жалпы аудан әкімімен мемлекеттік сақтауға құжаттар өткізу жайлы бекітілген кестесі бойынша 6 мекеменің қазіргі кезде 2-нің құжаттары толық ғылыми-техникалық өңдеуден өткізіліп, құжаттары мемлекеттік архивке қабылданып қор құрылды.

Қорғалжын ауданы көлемінде Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының архивті толықтыру көздеріне жататын мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындардың тізімі бойынша сақтау мерзімдері өтіп кеткен, алайда мемлекеттік сақтауға тапсырылмаған

құжаттар бойынша жыл басында 25 мекемеде 2018 сақтау бірлігі құжаттары мемлекеттік сақтауға өткізілмегендігі жайлы есепке алынған болатын.

Қазіргі кезде сақтау мерзімдері өткен құжаттарды мемлекеттік сақтауға өткізбеген 19 мекеме 1973 сақтау бірлігі қалып отыр.

2021 жылдың басынан бері Ақмола облысының мәдениет, архивтер мен құжаттамалар басқармасына барлығы 6 тізімдеме сараптамалық тексеру әдістемелік комиссиясына қаралуға жолданды.

"Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 326-1 Заңының 17-бабына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2018 жылғы 26 қыркүйектегі № 275 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік архивтердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету қағидалары бойынша архив қызметкерлерімен консультациялар беріліп, сабақтар жүргізілді.

«Архивтік анықтамаларды, архивтік анықтамалардың көшірмелерін немесе үзінділерін беру, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету туралы «Ашық есік күні», «Архив кеңес береді» атты акциялар өткізілді.

«Адал көмек», «Ашық бюджет», «Архивтік анықтамаларды беру, мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары» жобаларының шеңберінде тікелей эфир жүргізілді.

Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы түскен өтініштерді рәсімдеуде, қателердің алдын алу жұмысын жандандыру мақсатында жыл баснан бері наурыз, шілде айларында ХҚКО-ның қызметкерлерімен 2 рет семинар өткізілді.

Сондай-ақ Қорғалжын мемлекеттік архивінің архив қызметкерлерімен «Қорғалжын аудандық маслихаты» ММ-де, «Қорғалжын аудандық сотында» құжаттарды рәсімдеу кезде істер тізімдемесінде қателіктер жібермеудің алдын алуда семинар-сабақтар өткізілді.

ҚР Мәдениет және спорт министрінің 19 қыркүйек 2018 жылғы № 575 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидалары» бойынша, "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 326-1

Заңының 17-бабына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2018 жылғы 26 қыркүйектегі № 275 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік архивтердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету қағидаларына сәйкес, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік архивтердің оларды өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуі және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидалары бойынша, ҚР Мәдениет және спорт министрінің 26 қыркүйек 2018 жылғы № 275 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қорының мұрағатты толықтыру көздеріне жататын мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындардың тізімін толықтыру және анықтау жайлы әдістемелік ұсынымы жайлы және ҚР Ұлттық архив қорының құжаттарын орталықтандырылған мемлекеттік есебі ережесі бойынша архив қызметкерлерімен талқыланып аппараттық сабақтар өткізілді.

Әлеуметтік құқықтық сипаттағы сұрау салулар бойынша барлығы 358, оның ішінде оң шешілгендері 295 яғни құжаттары табылғандары, құжаттары жоқ болып жауап берілгендері 63, бейінсіздері жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша халыққа қызмет көрсету орталығынан - 3, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы-337, пошта арқылы-18 салуларға белгіленген мерзімдерде жауап берілді.

Ақылы қызмет барысында құжаттарға ақылы негізде ғылыми-техникалық өңдеу жұмыстарын жүргізуге Қорғалжын аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2017, 2019, 2020-2021 жылдарының құжаттары қабылданып алынып 112 сақтау бірлігіне тізілім құрастырылды және тізілім Ақмола облысының мәдениет, архивтер мен құжаттамалар басқармасының СТЭК-мен бекітіліп, мемлекеттік сақтауға қабылданды.

Сонымен қатар Қорғалжын ауданы білім бөлімінің 2003-2015 жылдарының құжаттары барлығы 500 сақтау бірлігі ақылы негізде ғылыми-техникалық өңдеу жұмыстарын жүргізуге қабылданып алынды. Қазіргі кезде ғылыми-техникалық өңдеу жұмыстары жүргізілуде.

«Қорғалжын аудандық мемлекеттік архиві» КММ-сі